

Нөлдік форма
арқылы
грамматикалық
мағынаның берілуі

Дидар

Нөлдік форма – Сөздердің ешқандай формасыз белгілі грамматикалық мағына беруі.

Ы.Е.Маманов қазақ тілінде белгілілік-белгісіздік категориясы бар деп көрсетеді. Олардың арнаулы грамматикалық көрсеткіштерін де анықтайды. Ғалым табыс, ілік септіктерінің ашық, жасырын келу ерекшеліктерін қазақ грамматикасындағы белгілілік-белгісіздік ұғымымен байланысты қарау керек деген концепция ұсынады

Қазақ тілінде де, басқа да түркі тілінде де негізгі сөз таптарына жататын сөздер ешбір қосымша көрсеткіштерсіз-ақ негізгі түбір күйінде тұрып белгілі лексикалық мағынаны білдіреді, соның нәтижесінде ол сөз жалпы грамматикалық мағынаға да ие болады. Өйткені сөздің жалпы грамматикалық мағынасы – оның лексикалық мағынасы негізінде, атап айтқанда, лексикалық мағынаның жалпылануы арқылы туындайтыны талассыз нәрсе. Соның арқасында сөздер белгілі ортақ қасиеттері арқылы топталады. Мысалы, үй, бала, тас, қала, ойыншық т.б. сөздер лексикалық мағынасы жағынан бір-біріне ешбір жақындығы жоқ: әрқайсысы жеке-жеке заттың атауы.

С. Исаев нөлдік форманың жасалу жолдарын былайша талдайды:

1. Атау септігінің өз алдына дербес грамматикалық тұлғасы болмаса да, грамматикалық мағынасы мен сөйлемдегі қызметіне қарай атау тұлға болады.

Азамат өзін өзі ұмытқандай боп аңырып тұрып қалды.
(«Азамат Азамтыч» Б.Майлин) Мұндағы **Азамат** сөзі атау септігінің нөлдік формасы арқылы берілген зат есім.

Ел де байқұс молданы әулие көріп басын шұлғиды да отырады. («Шаншар молда» Б.Майлин) Бұл сөйлемдегі **ел** сөзі атау септігінің нөлдік формасы арқылы берілген зат есім.

2. Сөйлем ішінде негізгі етістік күйін сақтайтын, қимылды білдіріп тұрған 2-жақ бұйрық рай мағынасындағы етістіктер нөлдік форманы білдіреді.

Қу!.. Жет!.. – деген айғайлар шықты. («Ақбілек» Ж. Аймауытов) дегендегі **қу, жет** сөздерінің мынадай мағыналары бар:

- а) қимыл атауын білдіретін лексикалық мағына;
- ә) 2-жақ;
- б) анайы түрінде келген бұйрықтық мағына;
- в) жекеше түр. Осы соңғы ә, б, в мағыналар ешқандай формасыз келіп, нөлдік тұлға жасап тұр.

Ойбай, қаш!.. – деді. («Ақбілек» Ж.Аймауытов) Бұл сөйлемде де екінші жақтағы анайы бұйрықты мәнде келген жекешее етістік қолданылған.

3. Үшінші жақ, жіктік тұлғадағы зат есімдер де нөлдік форма жасай алады.

Орта жолға барғанда үстіне ақ костюм киген екі жігіт көлденеңдей түсті, біреуі – аудандық прокурор. («Ажардың ажалы» С.Мұқанов) сөйлемінде **прокурор** сөзі үшінші жақ, жекеше тұрған зат есім болғандықтан ол жалғау немесе жұрнақ қажет етпейді.

Гурьев – адамы көп, еңбекшіл қала. («Қазақ солдаты» Ғ. Мүсірепов) Бұл сөйлемде де зат есім жіктік тұлғаның үшінші жағында тұрғандықтан қосымша жалғанбайды. Қаланың Гурьев деп аталатындығын жеткізген үшінші жақтағы жекеше форма болып тұр.

4.Ілік септігінің қосымшасының түсіріліп
айтылуы нәтижесінде де нөлдік форма
жасалады

*Бұрын үй төңірегінен ұзап шығып көрмеген Лашын
жаңа бір дүниенің есігін ашқандай еді.* («Тазының өлімі»
М.Мағауин) Бұл сөйлемде **үй төңірегінен** дегенде ілік
септігінің қосымшасы түсірілген. Яғни **үйдің төңірегінен**
болуы керек.

*Теңіз қиырында қартың құштар ойлар құшағында
тербетілер еді.* («Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет»
Ш.Аймауытов) Бұл сөйлемде **ойлар құшағында** дегенде
ілік септігінің қосымшасы түсірілген. Яғни **ойлардың**
құшағында болуы тиіс

5. Тәуелдік жалғауының түсіріліп айтылуы нәтижесінде нөлдік форма туады.

Біздің Тұйықта есегі бар адамдар да болатын. (Бердібек Соқпақбаев) Тіркес құрамындағы бірінші сөз ілік септігіндегі жіктеу есімдігі болғандықтан, екінші сөз тәуелдік жалғаусыз қолданылады. Яғни, **біздің Тұйығымызда** болуы керек.

Сен біздің кемпірді мектебіңе үй сыпырушы етіп қызметке алсаң қалай болады? (Бердібек Соқпақбаев) Тіркес құрамындағы бірінші сөз ілік септігіндегі жіктеу есімдігі болғандықтан, екінші сөз тәуелдік жалғаусыз қолданылады. Яғни, **біздің кемпірімізді** болуы тиіс.

6. ШЫҒЫС, табыс септіктерінің жалғауларының түсіріліп айтылуы нәтижесінде нөлдік форма пайда болады.

Солай болса да, әлігі ондай тәтті нан жеп көрмеген едім. («Құс жолы» Ш.Айтматов) сөйлемінде **нан жеп** деген тіркесте табыс септігінің ді жалғауы жасырын тұр, яғни **нанды жеп** болуы керек.

Жұрт төбе етіп үйілген қардың жел жағына сексеуіл өртеп жатыр екен. («Ақ боз үй» Смағұл Елубаев) Бұл сөйлемде де **сексеуілді өртеп** тіркесінің табыс септігі жасырынып қалған.

Сүйіндіктің асына әр түрлі ауыл, қыстақтардан белгілі адамдар келіп жатты. («Абай жолы» М.Әуезов) Бұл сөйлемде шығыс септігінің –дан жалғауы жасырынып қалған нөлдік форма болып есептеледі.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!!!